



БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР  
БЕЛЕСІ

6-БЕТ | ҚОҒАМ

5-БЕТ |  
РУХАНИЯТ

## АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК  
ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕҢІЛДІКKE ИЕ БОЛСАМ  
ДЕГЕН ОРЫНСЫЗ ПИҒЫЛ АДАМДЫ ӨЗ  
ЕҢБЕГІМЕН ТАБЫС ТАБУ ҚАБІЛЕТІНЕН  
АЙЫРАДЫ. МҰНДАЙ ЖАҒЫМСЫЗ ӨМІР  
САЛТЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ ҚАЗІРДІҢ ӨЗІН-  
ДЕ КЕРІ ӘСЕР ЕТЕ БАСТАДЫ. СОНДЫҚТАН,  
БІЗГЕ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІС КЕРЕК. ЗАҢ ДА,  
ҚОҒАМ ДА, АДАМДАРДЫҢ САНА-СЕЗІМІ  
ДЕ ӨЗГЕРУГЕ ТИІС.

№95  
(4528)  
Сенбі  
12 тамыз  
2023 жыл




# АСТАНА

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## АСТАНА – АЛЫП ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫ

Қазақстанда жыл сайын тамыз айының екінші жексенбінде кәсіби мереке – Құрылыс саласы қызметкерлерінің күні аталып өтеді. Бүгінде елімізде құрылыс саласындағы 53 мың кәсіпорында 620 мыңнан аса адам еңбек етеді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша елдің жалпы ішкі өніміндегі құрылыс саласының үлесі 6 пайыздан асқан.

4

### «АБАЙ МЕКТЕПТЕРІ» АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың гуманитарлық бағыттағы Абай мектептерін ашу туралы тапсырмасына сәйкес еліміздің 12 өңірінде «Абай мектептері» желісі құрылды.

Абай мектептерінде «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» және «Абайтану» пәндері бойынша тереңдетілген оқу бағдарламасы бекітілген. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың айтуынша, аталған білім ошақтарында қазақ тілі мен әдебиеті тереңдете оқытылып, бәсекеге қабілетті, елдің дамуына үлес қосатын елжанды тұлғалар тәрбиеленуде.

Айта кетейік, Аманат партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы шеңберінде 2027 жылға дейін барлық өңірлерде «Абай мектептері» көптеп ашылмақ.

### ЖАЙҚАЛАР ЖАСЫЛ ЖЕЛЕГІ

Астананың әр ауданында бір миллионға жуық көшет отырғызылады. Соңғы бес жылда қала бойынша 1000-нан астам жоба іске асырылды, оның ішінде 181 қоғамдық кеңістік пен 873 аула аумағы абаттандырылды.

Биыл елорданың барлық ауданында 165-тен астам қоғамдық кеңістік және аула аумағын абаттандыру жүріп жатыр. Абаттандыру кезінде көгалдандыруға басымдық беріледі.

Көктем мезгілінде Мәңгілік ел, Ұлы дала даңғылдары, Ш.Бейсекова, Шарль де Голь, Сәтбаев көшелері көгалдандырылып, жергілікті климатқа бейімделген ағаш түрлері егілді. Жас талдар

елордалық жылыжайларда өсіріліп, көктем мен күзде қаланың белгіленген аймақтарына отырғызылады. Қазір Есіл өзенінің жағасында Ш.Бейсекова көшесіне қарай елді мекеніне қарай қоғамдық кеңістікті абаттандыру жұмысы жүріп жатыр. Амфитеатр, спорт алаңдары, серуендеу орындары, ойын алаңқайлары да ескеріліп, жайқалған көшеттер бой түзейтін болады.



### ДИЗЕЛЬ БАҒАСЫ АРЗАНДАЙДЫ

Орақ мезгілінде жеңілдетілген дизель отынының бағасы төмендейді. Фермерлер үшін орташа баға литріне 258-262 теңгені құрайды, немесе бұл нарықтық бағадан 12% төмен.

Егін жинау жұмыстары елдің 9 облысында жүргізілуде, негізгі астық егетін өңірлер жаппай егін жинауға тамыздың үшінші онкүндігінде кіріседі. Бүгінгі таңда фермерлер 910,3 мың га астық жинады. Орташа өнімділігі 13,8 ц/га болған кезде 1,3 млн тонна астық бастырылды. Сондай-ақ 1,6 мың тонна майлы дақыл, 293,7 мың



тонна картоп, 915,7 мың тонна көкөніс және 1,9 млн тонна бақша өнімі жиналды.

Сондай-ақ Әкімдіктерге жемшөп дайындауды субсидиялауға қосымша қаражат бөлу тапсырылды. Атап айтқанда, бұрын бекітілген 11,7 млрд теңге субсидия көлеміне қосымша 9,1 млрд теңге бөлінеді.

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 490.38 \$ USD/KZT 445.03 ₸ RUB/KZT 4.56 ¥ CNY/KZT 61.73

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМДАСТЫҚ ҚҰРУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ЕҚЫҰ-ның қазіргі төрағасы, Солтүстік Македония Республикасының Сыртқы істер министрі Буяр Османиді қабылдады.

Президент Буяр Османиге ітипат білдіре отырып, оның ЕҚЫҰ-ның қазіргі төрағасы ретінде Қазақстанға сапары маңызды екенін атап өтті.

– Сіздің сапарыңыз біз үшін маңызы зор. Мен еліміздің осы ұйымға мүше сенімді мемлекет ретінде ЕҚЫҰ-ны қолдайтынын айрықша атап өткім келеді. Ұйымдағы пікірлер қайшылығына қарамастан, ЕҚЫҰ – баламасы жоқ ұйым. Сондықтан біз оның әлеуетіне қолдау білдіруге күш салуымыз керек. 2025 жылы Хельсинки қорытынды актісінің 50 жылдығын атап өту аясында ЕҚЫҰ-ның өзара диалогқа арналған бірегей платформа ретінде қызмет етуін жалғастыруына қамтамасыз ету өте маңызды. Еліміздің ЕҚЫҰ-мен тығыз ынтымақтастығы, 2010 жылғы Астана саммитінің декларациясында бекітілгендей,

қауіпсіз қоғамдастық құру туралы ортақ көзқарасқа негізделеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Солтүстік Македония арасындағы қарым-қатынасты нығайту перспективаларына айрықша тоқталды.

– Екіжақты қарым-қатынасымызда ешқандай мәселе жоқ. Біз ынтымақтастығымызды кеңейту тұрғысынан елеулі нәтижеге жеттік. Елімізді Қазақстанның Еуропадағы өте маңызды серіктесі ретінде қарастырамыз және біз Скопьеде өз елшілігімізді ашу жөнінде шешім қабылдадық, – деді Президент.

Өз кезегінде Буяр Османи ЕҚЫҰ-ның Қазақстанмен және Орталық Азия өңірімен өзара байланысты дамытуға зор маңыз артып отырғанын мәлімдеді. Оның айтуынша, 2010 жылғы Астанада өткен ЕҚЫҰ саммиті Қа-

зақстанның осы ұйым қызметінің негізгі бағыттарын қолдаудағы белсенді рөлін көрсетті.

– Солтүстік Македонияның ұйым төрағасы ретіндегі ұраны – «Барлығы адамдар үшін». Бұл біздің адамға бағдарланған ұстанымымызды білдіреді. Сіздің реформалар бағдарламаңыз да адамдарға арналған әрі ол ЕҚЫҰ-ның қағидаттары мен міндеттемелерімен ғана емес, біздің ұйым төрағалығындағы басымдықтарымызбен де үндес. Сонымен қатар біз Қазақстанның өңірлік, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты дамытудағы маңызды рөлін атап өткізгіміз келеді, – деді министр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Солтүстік Македония Президенті Стево Пендаровскийге ізгі тілегін жолдап, оны Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

## ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУ – КЕЛЕЛІ МІНДЕТ

ҚР Премьер-министрінің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Тимур Жақсылықов салық заңнамасын, Кәсіпкерлік кодексті, мемлекеттік қолдау жүйесін және басқа да шараларды жетілдіру арқылы орта бизнесті дамытудың жаңа кешенді тәсілдерін әзірлеу туралы баяндады.

Қазақстан тұрақты дамып

келе жатқан кәсіпкерлікке негізделген әртараптандырылған экономиканы құруды мақсат етіп отыр. Бұл ретте орта бизнес әртараптандырудың негізгі драйвері болады деп болжануда, осыған байланысты еліміздің стратегиялық құжаттарында 2025 жылға қарай орта бизнестің ЖІӨ-дегі

үлесін 15%-ға дейін арттыру міндеті қарастырылған.

Сонымен қатар кеңесте өндірістің негізгі факторларына қол жеткізу үшін ашық аукцион қағидаттарын міндетті түрде пайдалануды заңнамалық тұрғыдан бекіту мәселесі талқыланды. Қазіргі уақытта тиісті тәсілдер әзірленіп жатыр.

## ІРІКТЕУ БАСТАЛАДЫ

ҚР Президентінің жанындағы Жастар кадр резерві жөніндегі ұлттық комиссияның отырысы Президент Әкімшілігінің басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өтті.



Ұлттық комиссияның отырысында 1 қыркүйекте басталып, жыл соңына дейін жалғасатын Президенттік жастар кадр резервіне жаңа іріктеуді ұйымдастыру мәселелері талқыланды. Президенттік жастар кадр резерві – Мемлекет басшысының талантты жастар үшін пәрменді әлеуметтік лифт болып табылатын алғашқы жария бастамаларының бірі.

Іс-шара барысында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев алдағы іріктеуді өткізуге дайындық туралы баяндады.

Іріктеуді өткізу тәртібі мен мерзімдері туралы толық ақпарат Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің сайтында жарияланады.

## LRT-НЫ ІСКЕ ҚОСУ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРІЛДІ

LRT жүйесін іске қосу мерзімі кейінге шегерілді. Бұл туралы CTS (City Transportation Systems) ЖШС-нің басқарма төрағасы Ғани Тәжиев мәлім етті.



«LRT жүйесін іске қосуды жеделдету мақсатында жоба екі кешенге бөлінген. Бірінші кешен 2025 жылға қарай пайдалануға мүмкіндік береді. Оның құны 1 млрд 152 млн доллар немесе 61% болатын алғашқы іске қосу кешенінде 8 станцияны толық аяқтау көзделген. Екінші іске қосу кешенінің құны 735 млн долларды құрайды, яғни 10

станция пайдалануға беріледі. Сондай-ақ қосымша 14 станция салынады. Аяқталу мерзімі уақтылы қаржыландырылса, 2026 жылдың соңына дейін» деді Ғани Тәжиев қалалық мәслихаттың отырысында.

Еске салсақ, елорда әкімі Жеңіс Қасымбек LRT жобасын 2 жылдың ішінде аяқтауды жоспарлап отырмыз деген

еді. «LRT-нің бірінші іске қосу кешенінің құрылыс жұмыстары қайта жанданды. Жобаны 2 жылдың ішінде аяқтауды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар биыл ұзындығы 55 шақырым 72 көшеге құрылыс-жөндеу жұмыстарын жүргіземіз және Тәуелсіздік көпірі құрылысын аяқтаймыз» деген еді елорда әкімі.

### АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары 2023 жылғы 16 тамызда сағат

17:00-де қалалық мәслихаттың мәжіліс залында (Бейбітшілік көшесі, 11, 220-кабинет) «Астана қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы» тақырыбына көпшілік тыңдау өткізеді.

Анықтама алу үшін телефондар: 55-66-36.

**Е. КАНАЛИМОВ,**  
Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы

## ТУЫСЫНА ҒАНА САТА АЛАДЫ

21 тамыздан бастап «Отбасы банктегі» депозитті сату қызметі тоқтатылады. Бұл сервис арқылы депозитті тек туыстарға ғана өткізуге болады.

«21 тамыздан бастап «Отбасы банктегі» депозитті ақылы түрде табыстау (депозитті сату) қызметі тоқтатылады. Онлайн табыстау – депозиттердің онлайн дүкені іспеттес. Онда клиенттердің бірі салымдарын сата алса, екіншілері жинақтау жолын жылдамдатып, заемды тезірек алу үшін «Отбасы банкінен» шот сатып ала алады. Былтырдың бірінші жартысында бұл мүмкіндікті 1 647 адам пайдаланған. Биылдың дәл осы

кезеңінде депозиттерді сатып алып, заем рәсімдеген бірегей клиенттердің саны екі есе азайып, 973 адам болды. Ал бірінші жартыжылдықта «Отбасы банк» 28 800 кредит берген» делінген аталған банк мәліметінде.

«Отбасы банкінен» депозиттерді туыстарға табыстау қызметі сақталады. Оны тек банк бөлімшелерінде ғана емес, «Отбасы банк» мобильді қосымшасында онлайн режимінде де жасауға болады» деп нақтылады банк.

Бұл қызметті туыстардың келесі санаттары пайдалана алады: әйелі-күйеуі, ата-анасы, балалары, асырап алушылар, асырап алынған балалар, бір ата-анадан немесе әртүрлі ата-анадан туған аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері және басқа да жақын туыстары. Атап айтқанда, банк бөлімшесіне барып, туыстық қатынасы жоқ, бірақ ортақ туыстары бар адамдар арасында депозиттерді табыстауға болады.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

2027 жылдан бастап Қырғызстанда биологиялық ыдырайтындырларын қоспағанда, полимерлі пленка мен пластмассадан жасалған қапшықтарды өндіруге, сатуға және тегін беруге тыйым салынады.

Бұл – бір реттік пластик ыдыстардың барлық түрлері; бір рет қолданылатын пластикалық тамақ қаптамалары; пластикалық бөтелке бір рет қолданылатын пластикалық жұмыртқа орауыштары; пластикалық кофе капсулалары және азық-түлікке арналған сөмкесі.



Биылғы жылдың алғашқы алты айында Тәжікстаннан 89 493 әйел шетелге кеткен.

Өткен жылы осы кезеңде 57 451 әйел тұрғылықты орнын ауыстырған екен. Олар отбасын сақтау үшін күйеулерімен бірге шетелге жұмыс іздеуге мәжбүр. Әйелдер және отбасы істері комитетінің басшысы Хилалби Құрбонзоданың айтуынша, әйелдер Ресейден келген күйеуін күтуден шаршаған. Комитет басшысы егер күйеулер отбасына оралса, шетелге кететін әйелдердің саны әлдеқайда аз болатынына сенімді.



Эквадорда президенттікке үміткер Фернандо Вильявенсиоға 20 тамызда өтетін сайлауға бір жарым апта қалғанда қастандық жасалды.

«Оны өлтірген күдікті қауіпсіздік қызметкерлерімен атыс кезінде жараланып, кейін қайтыс болды» делінген бас прокуратураның мәлімдемесінде. Мұны мойнына алған Los Lobos тобының 8000-ға жуық мүшесі бар Эквадордағы екінші ірі банды. Ол кокаин саудасымен айналысатын Мексикада орналасқан Jalisco New Generation қылмыстық картелімен байланысы бар деп есептеледі.



## АБАЙ – ҚАЗАҚ БОЛМЫСЫНЫҢ АЙНАСЫ

«Абай күніне» орай, Астана қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен Абай ескерткіші алдына «Абай – қазақ болмысының айнасы» мәдени-танымдық шарасы өтті.

Іс-шара аясында қоғам және мемлекет қайраткерлері, зиялы қауым, шығармашылық сала өкілдері және қала тұрғындарының қатысуымен ұлт перзентіне құрмет жасалып, дәстүрлі гүл шоқтарын қою рәсімі өтті.

Жиынның ашылу рәсімінде сөз сөйлеген Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов жиналған көпшілікті «Абай күнімен» құттықтап, оның шығармашылығы қазіргі уақытта қоғамға қажетті бәсекеге қабілеттілік, ұлт ретінде

қалыптасу, тәрбие, еңбекқорлық тәрізді құндылықтармен үндес екендігін айтты.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен жиында сөз алып, жұртшылықты құттықтады. «Абай атамның өсиеті, өлеңі, қара сөзі – бүгінгі тұрмысымызда, қазіргі қоғамда өзектілігін еш жоғалтқан жоқ. Сондықтан, Абайды тану – өзімізді өзіміз тануымыз. Қазақтың бас ақынына қандай құрмет жасасақ та жарасымды» деді елорда әкімінің орынбасары.

Мәдени-танымдық іс-шарада академиктер, Абай ұрпақтары, ақындар да сөз сөйлеп, өз тілек-лебездерін білдірді. Сондай-ақ шара аясында Астана қалалық Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармониясының әртістері өнер көрсетіп, жиналған көпке Абай шығармашылығынан ән-жыр тарту етті.

10 тамыз – ақын, ағартушы, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының туған күні. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 22 мамырдағы №303 қаулысына сәйкес, бұл күн «Абай күні» деп аталып, Қазақстан Республикасының мерекелік күндер тізбесіне енгізілді.

## ӨЗЕН ЖАҒАСЫН ТАЗАЛАДЫ

Елорданың Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы «Астана жастары» жастар ресурстық орталығымен бірлесе отырып, Есіл өзенінің жағалауын тазалады. Акцияға 50-ден астам ерікті қатысты.



Еріктілер қолдарына күрек, тырма, қап алып, маңайды қоқыстан тазартып, өзен жағасын ретке келтірді. Барлығы 8 тоннадан астам қоқыс жиналды.

Есіл өзенінің жағалауы елорда

тұрғындары мен қонақтарының негізгі демалыс орындарының бірі болып саналады. «Астана жастары» еріктілері қаланың экологиялық акцияларына тұрақты түрде белсенді қатысып келеді.

## ЖӘРМӨҢКЕГЕ ЖАСТАРДЫ ШАҚЫРДЫ

Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы мен Еңбек мобильдігі орталығы бірлесе отырып, жастар мен ЖОО түлектері үшін бос орындар жәрмеңкесін өткізді.



Елордадағы «Central Market» әмбебап сауда орталығында өткен жәрмеңкеге 20-ға жуық жұмыс беруші қатысып, жүзге тарта бос жұмыс орнын ұсынды.

Қалалық Жастар ресурстық орталығының маманы Олжас Хамитовтың сөзінше, жыл соңына дейін жастарға арналған тағы 2 жәрмеңке ұйымдастырылады. Осы уақытқа дейін 5 жәрмеңке ұйымдастырып, 5 мыңға жуық адам қатысты. 2 500-ге жуық бос жұмыс орны жұмыс берушілер

тарапынан ұсынылған болатын. Үміткерлер арасынан 300 адам тұрақты жұмысын тапты.

Орталық маманының айтуынша, елордада NEET санатындағы жастардың көбі сауда және құрылыс саласында жұмыс істейді. Сол себепті ұйымдастырушылар алғашқы тәжірибе ретінде жәрмеңкені базарда өткізуді жөн көрген. Айта кетейік, бүгінде елордада 14-34 жас аралығында 440 мың жас бар. Олардың 6,2 пайызы NEET санатына жатады.

## ҚЫЗМЕТ САПАСЫН АРТТЫРУ КЕРЕК



Елордалық мәслихат отырысында ұялы байланыс пен ғаламторды жақсарту мәселелерінде қала тұрғындары арасында ақпараттық жұмысты күшейту мәселесін талқылады.

– Күн тәртібінде «Қазақтелеком» АҚ-ның ҚЖК және елорданың тұрғын алаптарында цифрландыру, теле-

фондандыру және интернетті өткізу жөніндегі қызметі талқыланды. 5G базалық стансаларын орнату кезінде

инновациялардың қандай да бір артықшылықтарын Денсаулық сақтау қызметкерлерімен бірлесіп түсіндіріп, Ғылыми зерттеулердің негізделген қорытындыларын көрсету қажет. Тек осы жағдайда радиофобиясы бар қала тұрғындарын бұл құбылыстың денсаулыққа ешқандай зиян тигізбейтініне сендіруге болады. Бір аптадан кейін біз цифрландыру басқармасы мен ұялы байланыс операторларының баяндамаларын тағы да тыңдаймыз. Осы уақытта олар бірлескен күш-жігермен картаны дайындауы керек, онда Интернет пен ұялы байланыс мәселелері бар тұрғын үй массивтері мен МКК-нің проблемалық аймақтары көрсетіледі. Сонымен қатар, осы мәселелерді шешу жолдарын әзірлеу қажет, – деді қалалық мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов Астана қаласы мәслихатының төрағасы.

## БАСҚАРМА БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының қызметіне Әлия Шайзадақызы Рүстемова тағайындалды.

Әлия Рүстемова 1992 жылы «Емдеу ісі» мамандығы бойынша Алматы мемлекеттік медицина институтын, 2007 жылы «Қаржы» мамандығы бойынша І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін аяқтаған. Медицина ғылымдарының докторы. Еңбек тәжірибесін Алматы облысы

Талғар қаласындағы Талғар аудандық ауруханасында дәрігер-терапевт қызметінен (1992-1993) бастады. Көптеген жылдар бойы Алматы, Талдықорған, Қызылорда, Петропавл және Астана қалаларының денсаулық сақтау саласында еңбек етті.

2018 жылдың маусымынан 2022 жылдың тамызына дейін «Нұр-Сұл-

тан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ басқарма басшысының орынбасары қызметін атқарды.

2022 жылдың тамызынан осы тағайындауға дейін Астана қаласы әкімдігінің «№3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның бас дәрігері болды.

**Гавайиде ауқымы бойынша бұрын-соңды болмаған өрт апаты болды.**

Өрт кем дегенде 53 адамның өмірін қиды. Жүздеген ғимараттар қирап, көптеген аудандар жанып кетті. Тілсіз жаудың кесірінен аралдың 10 мыңнан астам тұрғыны жарықсыз отыр. Өрт тарихи мұра нысаны саналатын Мауи аралындағы Лахайнана курорттық қаласын толығымен шарпыған. Ел президенті Джо Байден өртпен күресу үшін барлық мүмкін ресурстарды пайдалануға уәде беріп, әскер күшін жапты.

**Сарапшылардың бағалауына, биылғы аптап 2023 жылғы жаһандық экономикалық өсуін шамамен 0,6 пайыздық тармаққа төмендетуі мүмкін.**

Әсіресе Еуропаның ірі елдері зардап шекті. Allianz Trade несиелік сақтандыру компаниясының жақында жарияланған зерттеуінде Испанияның ЖІӨ бір тармаққа, Грекияда – 0,9%-ға, Италияда – 0,5%-ға, Францияда 0,1%-ға төмендеуі мүмкін екендігі айтылған. «Температурасы 32°C асатын аптап ыстық толқынының бір күні жарты күндік ереуілге тең» делінген Allianz Trade мәлімдемесінде.



## КӨМІРДІ ҚАЙДАН САТЫП АЛУҒА БОЛАДЫ?

Елордаға тамыз айында көмірдің жеткізілуі, бағасы және сату орындары туралы қажетті ақпараттар жедел желі іске қосылды.

Қазіргі уақытта Астана қаласының тұрғындары үшін көмір өнімдерін сататын 11 түйік көше және 14 орын бар. Ондағы көмір қоры 13 мың тоннаны құрайды. Олар келесі мекенжайларда орналасқан: Герцен көшесі, 4/1, Герцен, 6/2, Көктал, 28/1, Мақат, 40, Жамбыл Жабаяев, 76, А.Жұбанов, 35, М.Дулатов 182/1, 85 (ЖЭО ауданы-3), 70-Жол, 9А, Герцен, 6Б, Қарағанды тас жолы («Магнум»

супермаркетінің артында).

Елорда әкімдігімен жасалған меморандумдар бойынша көмірдің орташа бағасы:

Шұбаркөл – тоннасына 15 100 тт; Қаражыра – тоннасына 15 500 тт; Майкөбе – тоннасына 13 300 тт.

Қалада «109» нөмірі бойынша жедел желі жұмысын бастады, онда көмірдің болуы, сату орындарындағы бағалар туралы қажетті ақпарат беріледі.



# ӘР КІРПІШТЕ ҚОЛДАРЫНЫҢ ТАБЫ БАР

Райхан  
РАХМЕТОВА

**Қ**ұрылыс саласы ел экономикасында ерекше орын алады. Инженер, жобалаушы және саланың басқа да мыңдаған мамандары еңбегінің арқасында елімізде қалалар мен ауылдар бой көтеріп, энергетикалық, әлеуметтік, көліктік инфрақұрылымдар құрылып, ірі өндіріс кешендері іске қосылды. 2023 жылдың бірінші тоқсанында еліміздің жалпы ішкі өнімі құрылымындағы құрылыстың үлесі 4 пайызды құрады. Соңғы 5 жылда құрылыс жұмыстары мен қызмет көрсету көлемі бойынша да оң өсу үрдісі байқалды, жыл сайынғы өсім шамамен 10-14% құрайды. Елімізде 2023 жылдың бірінші тоқсанында 73 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі құрылыс саласы қызметкерлерін мерекесімен құттықтады. Салтанатты жиын барысында ведомство қызметкерлеріне министрдің құрмет грамоталары мен «Құрметті құрылысшы», «Құрметті сәулетші», «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығының құрметті қызметкері» төсбелгілері табыс етілді. «Құрметті құрылысшы» төсбелгісімен сала ардагерлері Александра Бобко, Бекбоын Ахамбеков, Мизанбек Еламанов, Жәкентай Қожабергенов, Бекболат Шуқужанов, Ерлан Бегалин, «Құрметті сәулетші» төсбелгісімен Гүлнәр Шалабекова, Нығымет Алпысбаев, ал «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының құрметті қызметкері» төсбелгісімен Данияр Исаев мен Нұрлыбай Бабаев, сондай-ақ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 12 қызметкері министрдің құрмет грамоталарымен марапатталды.

Бұл мерекенің тойланып келе жатқанына 60 жылдан асты. Құрылысшылар күні алғаш рет Кеңес одағы кезінде 1956 жылы 12 тамызда атап өтілді. Күнітізбеге тұрақты енген Құрылысшылар күнінің бірінші рет атап өтілуі Мәскеуде «Лужники» стадионының ашылуымен тұспа-тұс келді. Кеңес үкіметі құлағаннан кейін де бұл күнді Ресей, Қазақстан, Украина, Беларусь, Армения елдері атап өтіп келеді. Қазақстанда бұл күн 1998 жылы ресми түрде кәсіби мерекелер тізіміне енді. Ашық дереккөздеріне сүйенсек, Қазақстанда бүгінгі таңда 2 282 499 үй болса, соның 1 946 649-ы – жеке, 335 850-і – көппәтерлі үйлер. Соның ішінде ең көбі Алматыда – 509 872 пәтер, 129 270 жеке үй бар. Ал Астанада 259 236 көппәтерлі тұрғын үй мен 30 476 жер үй салынған. Қазақстандағы пәтерлердің орташа ауданы – 56,8 шаршы метр.

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек биыл 6 мыңға жуық әлеуметтік пәтер салу, құрылысы ұзаққа созылған 30-дан астам тұрғын үй кешенін аяқтау, бірқатар тұрғын үй кешеніне жөндеу жүргізу жоспарланып отырғанын жеткізген болатын. Алдағы үш жылда апатты жағдайдағы ескі



үйлердің тұрғындары үшін 2,5 мыңнан 3 мыңға дейін пәтер салынады. Сонымен қатар елордада 2 жыл ішінде 40 мектеп салу көзделіп отыр. Қазіргі уақытта 14 мектептің құрылысы жүріп жатыр, 11 мектеп жаңа оқу жылы ішінде пайдалануға беріледі. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында тағы 24 мектеп салынады. Аталған ұлттық жоба аясында Есіл және Нұра аудандарында 15 мектеп бой көтереді. Мәселен, «Хан-шатырдың» артында осы бағдарлама бойынша 3 мектеп салу жоспарланып отыр, олар 12 мың оқушы орнын ашуға мүмкіндік береді.

Қазақстан құрылысшылар одағының төрағасы Талғат Ергалиев 2023 жылы Астанада құрылыс көлемі 50%-ға дейін қысқартылатынын айтты. Баспана құрылысының азаю себебі «қолжетімді ипотекалық бағдарламалардың жоқтығы».

– Елімізде тұрғын үй сатып

САНСӨЙЛЕМ

АСТАНАДА ЖЫЛ  
БАСЫНАН БЕРІ

1215000

ШАРШЫ МЕТР ТҰР-  
ҒЫН ҮЙ САЛЫНДЫ

уінен елордадағы ірі құрылыс компаниялары қызметкерлерін қысқартуға мәжбүр болды. Астананың құрылыс салушыларының болжамы бойынша осыған орай елорданың құрылысында және онымен байланысты салаларда бір жарым миллионға жуық адам айналысады. Бұл – жарты миллионға жуық маманның табыссыз қалу қаупі бар деген сөз.

Құрылысшы – адамзат өркениетінің бастауында тұрған

**2023 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ТОҚСАНЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМІ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ҮЛЕСІ 4 ПАЙЫЗДЫ ҚҰРАДЫ. СОҢҒЫ 5 ЖЫЛДА ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КӨЛЕМІ БОЙЫНША ДА ОҢ ӨСУ ҮРДІСІ БАЙҚАЛДЫ, ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ӨСІМ ШАМАМЕН 10-14% ҚҰРАЙДЫ. ЕЛІМІЗДЕ 2023 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ТОҚСАНЫНДА 73 МЛН ШАРШЫ МЕТР ТҰРҒЫН ҮЙ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ**

алушылардың жалпы үлесінің шамамен 82%-ы ипотекалық несиеленушілер, ал қолда бар ипотекалық бағдарламалардың қысқаруы тұрғын үй сатып алуды жоспарлап отырған азаматтардың айтарлықтай бөлігінің мұны жасай алмайтындығына әкеледі. 7-20-25 бағдарламасы бойынша 2023 жылға бөлінген 100 млрд теңге, 2022 жылға бөлінген сомадан үш есе аз. Мемлекеттік бағдарламаға өзгерістер енгізіліп, бөлінген қаражат қысқартылды. Бұл сома азаматтардың тұрғын үйге мұқтажлығымен салыстыруға келмейді, – деді төраға.

Соңғы жарты жылда шаршы метрге сұраныстың төменде-

мәртебелі мамандықтардың бірі. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты. Тәуелсіздік жылдары елімізде құрылыс саласын дамытуға барынша жағдай жасалды. Отандық құрылыс индустриясы қанат жайып, құрылыс материалдарын шығаратын өндіріс орындары көбейді. Әсіресе, елордамыз – Астана қаласының бүгінгі келбетімен әлемді таңқалдыруына құрылысшылардың сіңірген еңбегі орасан зор.

Астана қаласының құрылысына миллиондаған доллар инвестиция тартылды. 50 миллион

долларға «Бейбітшілік және келісім сарайы», 30 миллион долларға «Астана-Арена» стадионы, 300 миллион долларға «Хан шатыр» сауда орталығы салынды. Астананы салуға Қазақстанның 71 қаласы, 432 құрылыс компаниялары, оның ішінде «BI GROUP», «Қуат», «Базис» құрылыс компаниясы қатысты, 135 зауыт құрылыс материалдармен жабдықтап отырды. Жергілікті фирмалармен бірге қала құрылысына түріктің – «Джейлан», «Сембол», «Окан», «Аксель», корейдің «HIGH WILL», италиян, француз, швейцар компаниялары да үлес қосты. Жыл сайын 60-тан 100-ге дейін орташа және ірі нысандар беріліп отырды. Астанадағы ауқымы мен шапшаңдығы жағынан бұрын-соңды болып көрмеген аса күрделі құрылыс жұмыстары құрылыс үрдісіне қызмет көрсететін барлық саланы дамытты және Қазақстанның өндірістік кәсіпорындарын да жандандырды. Құрылыс жүргізу ісіндегі әлемдік ықпал теория мен тәжірибенің жетістіктерін пайдалана отырып құрылысшылар мен жобалаушыларға барынша жоғары талап қойып, күрделі міндеттер жүктелді. Астана нысандарын жобалауға әлемдік сәулет шеберлерін тарту туралы нұсқау берілді, ал құрылыс жұмыстарына тартылатын мердігерлер әлемнің жетекші құрылыс компанияларының қатысуымен өтетін тендерлердің нәтижелері бойынша анықталды.

Құрылыс ел экономикасында жетекші орын алады. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанда 169 млн шаршы метрден астам жаңа тұрғын үй салынды, 1,5 млн азамат тұрғын үй жағдайын жақсартты. Тек соңғы 12 жылда құрылыс жұмыстарының көлемі 2,8 есеге 1,7-ден 4,9 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Елімізде тұрғын үймен қамтамасыз ету әрбір жетті, оның ішінде қалалық жерлерде – 25,0 шаршы метр, ауылдық жерлерде – 19,3 шаршы метр. Қазіргі Қазақстан қалаларының сәулеті өмір сүру үшін неғұрлым заманауи және жайлы болды, жаңа теміржол және автомобиль магистральдары, өндірістік кешендер мен зауыттар, мектептер, ауруханалар және басқа да әлеуметтік объектілер салынды, инфрақұрылымдық желілер дамып, жаңғыртылуда.

## ҚҰРЫШ ҚОЛДЫ ҚҰРЫЛЫСШЫ

Тамыздың екінші демалысын асыға күтетіндердің бірі – елордалық Сейітқали Елубаев. Себебі ол жыл сайын дәл осы күні әріптестерімен бірге құрыш қолды құрылысшылардың кәсіби мерекесін атап өтеді.

Гүлбаршын  
ӨКЕШҚЫЗЫ

Әр мамандықтың қоғамда алатын өзіндік орны, мәртебесі болатынын ескерсек, бүгінде Астанада бой түзеген зәулім ғимараттар, тұрғын үйлер, сәулет өнерінің теңдессіз туындылары, ауруханалар, мектептер мен балабақшаларда осы ерекше кәсіп иелерінің еңбек іздері жатыр. Ел экономикасындағы барынша қарқынды дамып келе жатқан саланың бірі саналатын құрылыста еңбек ету екінің бірінің қолынан келе бермейтіні белгілі. Ыждаһаттылық пен тиянақтылықты талап ететін сондай қадірлі, адамзат өркениетінің бастауында тұрған мәртебелі мамандықты ол сонау бала кезінде-ақ таңдаған болатын. Мектеп бітірген соң ауылдағы құрылыс мекемесінде жай ғана жұмысшы болып

экономиканың негізгі тірегі де – осы мамандық иелері. Мемлекеттің, қоғамның ілгері басуын оның құрылыс саласына қарап бағалауға болса, бүгінде еліміздің бас қаласы күн сайын көркейіп, дамып келеді. Заманауи үлгідегі зәулім ғимараттар мен уақыт талабына сай нысандар салынып, көпқабатты үйлер бой көтерді, инфрақұрылым жаңарды. Бұл ретте аталмыш сала еңбеккерлерінің үлесі ерекше.

– Соңғы жылдары елімізде құрылыс саласы қарқын алып келеді. Өзім секілді құрылысшылардың арқасында елордамыз көркейіп, жаңа зәулім үйлер мен биік ғимараттар бой көтерді. Бас қаладағы сәулетті нысандар мен еңселі ғимараттарда менің де қолтаңбамның барын мақтан тұтамын, – дейді Сейітқали Елубаев.

Қыстың қақаған сары аязы мен шіліңгір шілденің аптап ыстығын да, сары ала күздің сұлбыр жауыны мен даланың жазғытұрым соғатын дауылды желін де елеместен бар ынтасымен жұмысын сапалы жасауға ұмтылып, бойындағы бар күш-жігерін, құрыш білектің қуатын зәулім



«мен де үлкен қалаға барып, ірі құрылыс компанияларының бірінде еңбек етсем ғой» деп армандайтын. Енді, міне, бүгінде өзі де бас шаһардағы жаңа ғимараттардың бой көтеріп, қала құрылысының дамуына үлесін қосып жүр.

Қазіргі таңда Сейітқали Зейноллаұлы «ASTI строй» ЖШС-де жұмыс істейді. Өзіне тапсырылған кез келген істі аяғына дейін жеткізуге дағдыланған ол қандай қиын әрі жауапты жұмысты да адал атқарумен келеді. Сол үшін де басшылар оны құрметтейді, бірге жүрген жұмыстаары үлгі тұтады. Ұжымда мерейі үстем, мәртебесі асқақ. Отыз жылдан астам уақыттан бері осы салада жемісті еңбек етіп, аянбай тер төгіп келеді. Сонау тоқсаныншы жылдары осы кәсіпті бастағанда өз қолдарымен салып жатқан қаланың келешекте көркімен көз тартардай әсем шаһарға айналарын ол сол тұста білген жоқ еді.

Шын мәнінде, құрылысшы – мәртебелі мамандық. Қоғамның айнымас бөлшегі,

ғимараттардың бой көтеруіне арнаған азамат айтса айтқандай, қаладағы қаншама үйде оның қолтаңбасы бар.

– Біз жылдың кез келген уақытында монолиттер мен кірпіш салуды үйрендік, жұмысы барысында арнайы қоспалар мен заманауи технологияларды қолданамыз. Әрине, біздің мамандығымызға бәрі бірдей шыдай бермейді, өйткені мұнда жұмыс оңай емес. Бірақ, меніңше, құрылысшы – бұл ең жақсы мамандық! – деді Сейітқали Елубаев.

Аспанмен таласқан зәулім сарайлардың кірпішін қалап, халықтың әлеуметтік тұрмысын жақсартуға сүбелі үлес қосып жүрген құрылыс саласының мамандарын нағыз еңбек адамы деп атауға болады. Өнер мен білім, талант пен талғам дәл осы құрылысшы мамандығында тоғысады. Қыстың ызғарлы суығына, жаздың ыстығына қарамай, уақытпен санаспай ел дамуы жолында тер төгетін құрылысшылар қашан да құрметке лайық.

# АДАМЗАТТЫҢ АБАЙЫ

Астанада Абай күні мерекесі кең ауқымда аталып өтті. Ұлы ақынның туған күніне арналған шараларды қаланың Тілдерді дамыту және архив ісі, Мәдениет, Білім басқармалары, бас қала аудандарының әкімдіктері ұйымдастырды. Сол күні ашық аспан астында да, мәдени ошақтар мен білім мекемелерінде де хакім ұлықталды.

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

Байқоңыр ауданының әкімдігі Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиямен бірлесіп «Журналистер» аллеясында «Алдымда ақын Абай – темірқазық» атты мәдени-танымдық шара ұйымдастырды. Шара барысында білім ошағының өнерлі ұстаздары мен оқушылары Абайдың әндерін шырқап, қара сөздері мен өлеңдерін оқыды. Осы мектептегі «Абайтану» ғылыми-танымдық орталығының жетекшісі, ақын, абайтанушы Алмахан Мұхаметқалиқызы Абай мұрасына тоқталып, тұлғасын толық тану үшін зерттейтін тұстарына назар аударды.

– Биылғы 2023 жылдың Абаймен байланысы ерекше. Абай ғұмырының соңында күрделі өмір кешті. 1903 жылы, осыдан 120 жыл бұрын Абай үйіне тінту жүргізілді. Оған басты себеп – ақынның Көкшетау және Ақмола өңірлерімен байланысы. Биыл осы оқиғаға бір күн арнап талдасак, тарихшы мұғалімдерге үлкен



жұмыс болар еді. Абайды тек қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдері ғана емес, барлық пән мұғалімдері танып, таныту керек. Абай үйіне тінту – тарих пәні мұғалімдеріне өте таптырмайтын тақырып. Неге тінту жүргізілді? Оған себеп болған не? Шәймерден Қосшығұлов деген кім? Астананың іргесіндегі Қосшы қаласы неге Қосшы аталды? Бұл сұрақтарға жауап

Абаймен тікелей байланысты. Біз «Абай – дана», «Абай – данышпан», «Абай – хакім» деп құр үстірт мақтай бергенше, нақты деректерге сүйеніп, не істеуіміз керек деген бағытта зерттеуіміз қажет деп ойлаймын, – деді Алмахан Мұхаметқалиқызы.

Астана қаласы орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен №5 балалар кітапханасы және «Kitar qala» ашық аспан астындағы кітапханада «Абай әлеміне саяхат» атты театрландырылған көрініс пен «Құлақтан кіріп, бойды алар» тақырыбында Абай оқулары өтті. Оған №23, №49 орта мектеп оқушылары мен жас маман кітапханашылары қатысты. Абай өлеңдері оқылып, әндері шырқалды, қара сөздерінен ғибрат алу мәселесі көтерілді, «Жүректен өлең төгіп, қосқан жырға» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінің маманы Қайыржан

Күзетбаев «Абайдың қуғын-сүргінге ұшыраған туыстары мен ұрпақтары» дәрісін өткізді.

Оның айтуынша, Абайдың тағы бір перзенті Мекайыл 1931 жылы Семейдегі «Полковничий» аралында атылды. Ағасы Құдайбердінің ұлы, Абайдың ақын шәкірттерінің бірі Шәкәрімнің де атылып, денесі құдыққа тас-талғаны тарихтан белгілі. Ал ақынның інісі Ысқақтың ұрпағы Ахметбек 1931 жылы тұтқындалып, хабар-ошарсыз кеткен.

«Жастар» театрында Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен «Адамзаттың Абайы» атты әдеби-сазды кеш өтті. Кеш барысында Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрының «Абай» трагедиясынан үзінділер көрсетілді. Аға Абайды



Қазақстанның Халық әртісі Тілектес Мейрамов сомдады. Сахналық қойылымда Абайдың бала кезінен бастап жасы ұлғайғанға дейінгі көріністер, тұлға тартысы бейнеленді. Аталмыш қойылымды заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің шығармасы желісімен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлімбек Оразбеков сахналаған. Сондай-ақ кеш барысында Абай арқылы ұйымдастырушылар жастардың классикалық әдебиетті оқуға деген қызығушылығын ояту және Абай шығармаларында тұлғаның эстетикалық талғамы мен қасиетін насихаттауды көздеді. Кеш барысында Абайдың «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай» әндері шырқалды.

Астананың Нұра ауданының әкімдігі ұйымдастырған шара барысында елорданың көрікті жерлерінде «Көзімнің қарасы» әні әуеледі. №1 өнер мектебінің оқытушысы Әйгерім Мұханбетжан және оқушылар Айым Әбдірахманова мен Ясмин Асхатқызы құрған қобызшылар триосы осылайша Абай әнін насихаттады.

Елорданың Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелері, соның ішінде ұйымның жастар қанатының өкілдері әлеуметтік желілерде Абайдың шығармаларын жатқа оқу бойынша

челлендж бастады. Түрлі этнос өкілдері әлеуметтік желіде #abaychallenge хештегімен бейнероликтер жариялады.

Астана қаласы Білім басқармасының ұйымдастыруымен «Арман» және «Боровичок» балалар сауықтыру лагерлерінде «Абай – дана, Абай дара қазақта» поэтикалық кеш, Сарыарқа ауданы әкімдігінің қолдауымен «Қорғалжын» саябағында «Адамзаттың алыбы – хакім Абай» әдеби-сазды кеш өтіп, М.Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында «Абайдың соңғы күндері» деректі фильмі көрсетілді.

Ал Ұлттық академиялық кітапханада Абай күніне арналған «Абай әлемі» шарасы өтті. Оның аясында «Абай – тұтас бір әлем» атты кітап көрмесі, «Адамшылықтың алды – махаббат, ғадилет, сезім» атауымен халықаралық дөңгелек үстел отырысы, «Сен де бір кірпіш дүниеге...» поэзия сағаты, журналист, аудармашы, «Ағылшынша тіл сындыру» кітабының авторы Ернат Қашқынов «Абай арқылы ағылшынша үйрен» атты шеберлік сағатын өткізді.

Ақынның туған күніне орай алдын ала әлеуметтік желіде ұйымдастырылған «Абай менің жүрегімде» бейне- reels-тер байқауы қорытындыланып, жеңімпаздар марапатталды.

## СУРЕТ СЫРЫ

# 120 ЖЫЛ САҚТАЛҒАН МҰРА

Абай заманында фотоға түсіру өнері өмірге енді ғана еніп жатқан болатын. Семей қаласында Каримовтардың, Кузнецовтардың, Белослюдовтардың фотоүйлері жұмыс істеді. Бұлар әртүрлі тапсырмамен қыр даласына келіп, қажетті мекенжайларды, айтулы адамдарды, қазақ тұрмыс-салтын түсіріп алып, өз қажетіне жұмсады. Ресейдің ірі қалаларына апарып көрмелер ұйымдастырып, альбом жасап сатты.

Абай ауылының адамдары да суретке түсіп, өздеріне жинап, сақтауды әдетке айналдырды. Ауылдан қалаға қатынағанда елге апарар сыйлығы фотосурет болды. Елге барып, фотоға түсірушілерді кезекпен қонақ етіп, фотоға түсуге барынша әуестенген. Заман ағымына қарай байдың тұқымы, молда, т. б. деп қудалау басталған жылдары қолда бар суреттердің барлығын жыртып, өртеп, жасырып әуре болған. Тек кейбір жүректі адамдар ғана Абай, Шәкәрімнің бірді-екілі фотосуретін жасырып сақтап, біздің заманымызға зорға жеткізген. Абай ауылындағы фотосуреттердің көптігі сондай, 1940 жылы Абай мұражайы ұйымдастырылғанда, Кәкітай Ысқақов пен Әрхам Кәкітайұлы Құнанбай, Абай туыстарының 44 фотосуретін екі жылдың ішінде жинап берген. Онда 78 адамның бейнесі болыпты. Амал қанша, соның ішінде данышпан ақынның екі фотосуреті ғана сақталған. Бұл суреттердің де сақталу тарихы



өте күрделі. Ауыр жағдайды бастан кешірген бұл суреттер қудалауға ұшырап, Шымкент маңына жер аударылған Құнанбайдың, Күнтудың, Оразбайдың ұрпақтары өздерімен бірге жасырып, тығып ала кетіп сақтаған. Кейін Алматыда тұрған Мұхтар Әуезовке табыс еткен. Оның өзінде өз есімін айтпай, белгісіз біреулер бүркеншік атпен өткізуге тура келген. Соның бірі өзіміз куә

болып жүрген данышпан ақынның екі суретінің алғашқысы – 1896 жылы Семей қаласында түсірілген Абай, Ақылбай, Мағауия фотосуреттері. Түпнұсқа. Ұзындығы мен ені – 8-13 см. Абай мұражайына 1941 жылы 6 ақпанда №40 қабылдау актісі бойынша өткізілген. Фотоны тауып, сақтап, мұражайға өткізуші – Мұхтар Әуезов.

Мұражай қорының не-

гізгі бір кітапшасында «Абай с сыновьями Ақылбаем и Турагулом (подлинник), снято в 1896 году в Семипалатинске фотографом Н.Г.Кузнецовым. В дар музею Абай от Мухтар Омархановича Ауезова» деп жазып, қол қойған.

Абайдың екінші фотосуреті 1903 жылы өмірден өтерінен бір жыл бұрын 58 жасында Жидебай ауылында, үй іші, отбасымен бірге көктем уақыты, мамыр айының бас кезінде, киіз үйдің ішінде түсірілген.

Солдан оңға қарай: бірінші қатарда бөрік киіп отырған қыз бала – Пәкизат. Пәкизаттың басына киіп отырған бөрік бұл күнде Жидебайдағы Абай музей-үйінде экспозицияда тұр. Одан кейінгі отырған дар – Тұрағұл мен Әубәкір. Пәкизат пен Әубәкір – екеуі де Ақылбайдың балалары. Абайдың кенже інісі Оспан өзінде бала болмағандықтан, бұл екеуін де бауырына салып алған. Тұрағұлдың есімі үкімет қудалауына ұшырағандықтан кейінгі жылдарға дейін аталмай,

фотодағы бейнесі айтылмай қалып келді. Тек соңғы жылдардан бастап қана анық айтылып жүр.

Екінші қатардағылар – Абай, Еркежан және Қамалия. Қамалия – Әубәкірдің әйелі. Бұл кісінің Абай туралы айтқан естеліктері мұражай қорында сақтаулы тұр. Ал Еркежан – Оспанның бәйбішесі. Оны Оспан қайтыс болғаннан кейін, әмеңгерлік жолмен 1894 жылы Абай өзі алып, өмірінің соңғы он жылын Жидебайда осы Еркежанмен бірге өткізген. Үшінші қатарда тұрған – Мағауия.

Фотосуретті түпнұсқадан 1959 жылы қайта көшіріп, Абай музейіне өткізген – жазушы Мұхтар Әуезов. Түпнұсқасы Алматыдағы М.Әуезов музейінде сақталған. Суреттің көлемі – 13x23 см, қор кітабында 461/542 инвентарға тіркеулі тұр.

Бұл фотосурет көптеген басылымға шығып танымал болды. Қазірдің өзінде суреттің көшірмесі Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Қазақстан тарихы» залының «XIX ғасырдағы ұлылар» экспозициясында көрмеде тұр.

Алмахан  
МҰХАМЕТҚАЛИҚЫЗЫ,  
абайтанушы



Ақбаржан ИСМАИЛОВ,  
Қазақстан халқы  
ассамблеясы төрағасының  
орынбасары:

## ДАРА ҚАЗАҚ

– Ұрпағына өшпес өнеге, өлмес білімді асыл мұра етіп қалдырған ұлы Абай әлемі – шексіз әлем. Ол – ұлтымыздың биік тұғыры, халқымыздың баға жетпес мұрасы мен рухани азығы. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткендей, «Ұлы Абай – біздің еліміздің мақтанышы ғана емес, әлемдік деңгейдегі кемеңгер». Сондықтан да болашақ ұрпақ пен жас толқын үшін ғұлама ақынның өсиеттері мен өнері – асыл қазына. Осындай ұлы тұлғамызды дәріптеп, үлгі тұту – сіз бен бізге аманат.

Абай «Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос» деп XIX ғасырда-ақ бірлік арқылы күллі адамзаттың көшіне ілесе білуге шақырды. Бүгінгі қилы заман, тұрақсыз саясат әлемінде барша табысымыз бен жетістігіміз қазақстанның қоғамда бірлік пен келісімді нығайтуға бағытталған дәйекті саясаттың үлкен нәтижесі деп білемін. Жұрттымыз тыныш, еліміз аман болсын, ағайын!

Индира  
БЕРЖАНОВАДАМУЫНА  
ҚАМҚОРЛЫҚ  
ЖАСАЙДЫ

Елорда – жастар қаласы. Қолға алынған әр бастамада олардың табыс деңгейін көтеру, несие берудің кезеңдік жүйесін енгізу, іскерлік белсенділігін арттыру, тұрғын жайы мен білім алу мүмкіндігін кеңейту – маңызды міндеттердің бірі. Бас қала жастары үшін бұл міндеттерді қала-лық Жастар саясаты мәселелері басқармасы «Астана жастары» жастар ресурстық орталығымен бірлесіп орындап, мемлекеттік жастар саясатын тікелей жүзеге асырады. Басқарма 14 пен 35 жас аралығындағы азаматтардың жұмысқа тұруына, цифрлық сауатын арттыруға, инновациялық және кәсіпкерлік қызметін жандандыруға жәрдемдеседі. Бұған қоса, жастардың мүдделері мен қажеттіліктері негізінде түрлі жоба мен бағдарлама қолға алынды.

Жастарды қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру және тарату мақсатында 2021 жылдан қаланың 4 ауданында «Жастарға қызмет көрсету орталықтары» жұмыс істейді. Биыл орталықта 3300 адамға кеңес берілді. Келіп түскен өтініштердің 80 пайызы кәсіптік бағдар беру, жұмысқа орналастыру және тұрғын үй мәселелері бойынша болды. Орталықта «Отбасы банкі» АҚ, «Жұмыспен қамту орталығы» КММ, «Атамекен» ҰКП, «Астана жастары» КММ және басқа да ұйымдардың қызметкерлері жастардың жоғарыда аталған өзекті мәселелері бойынша кеңес береді.

КӘСПКЕРГЕ ҚОЛДАУ,  
ЖҰМЫССЫЗҒА  
ЖҰМЫС БАР

Ресми дерекке сәйкес, Астанада 14 пен 34 жас аралығындағы жастар саны – 440 мың адам. Оның ішінде еңбекке қабілетті жастар саны – 297,6 мың адам. Ал жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4 пайызды құрайды. Жұмыссыз жастар елордада баршылық. Түйткілдің түйінін тарқату мақсатында бірқатар шара қолға алынған. Еңбек мобильділігі орталығы-

## БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР БЕЛЕСІ

Елімізде 6 миллионнан аса жас бар. Бүгінде олар озық идеяларымен қаруланып, еліміздің өркендеуіне барынша үлес қосып келеді. Ал жарқын болашаққа бастауда әсіресе ел астанасының жастарына жүктелетін жауапкершілік жоғары. Елорданың ғана емес, әлемнің барша креативті әрі алғыр буыны үшін бүгін – айтулы күн. Себебі 12 тамыз Халықаралық жастар күні ретінде аталады. Бұл күнді БҰҰ Бас ассамблеясы жастар ісі бойынша министрлердің 1998 жылы 8-12 тамызда Лиссабон қаласында өткен Бүкіләлемдік конференциясының ұсынысы бойынша бекіткен.



ның ақпараты бойынша биыл 7307 жас жұмыспен қамтылды. Олар: тұрақты жұмысқа – 1888, «Жастар практикасына» – 397, «Қоғамдық жұмыстарға» – 915, «Әлеуметтік жұмыс орындарына» – 134, «Алғашқы жұмыс орнына» – 194, «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы бойынша – 3 адам.

Университет не колледж бітіргеннен кейін жұмыс орны қандай да бір тәжірибе сұрайды. Мәселен, «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы арқылы жұмысқа орналасып, қолға 100 мың теңге көлемінде жалақы алуға болады. Тәжірибенің жүреді, сондай-ақ, белсенді болып, өзіңізді көрсетсеңіз, сол жерде қалу мүмкіндігі де бар.

Қаладағы NEET санатындағы жастар үлесі – 6,2 пайыз немесе 26045 адам. NEET санатындағы жастар дегеніміз – оқу оқымайтын, жұмыс істемейтін азаматтар. Оларды жұмысқа тартуда «Үздік», «Болашаққа жол», «Жас жігер» жобалары жүргізіледі.

Кәсіп ашып, ісін өрге домалағандардың дейтіндер үшін еңбек мобильділігі орталығымен бірлесіп басқарма тарапынан жас кәсіпкерлерді қолдау және оқыту жұмысы жүргізіледі. Мысалы, қазіргі таңда жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға 20 грант бөліне, шағын несие 154 адамға берілді. Кәсіптік оқыту арқылы – 30 адам, электрондық еңбек биржасы арқылы – 257



Еңбек мобильділігі орталығының ақпараты бойынша биыл **7307** жас жұмыспен қамтылды. Олар: тұрақты жұмысқа – **1888**, «Жастар практикасына» – **397**, «Қоғамдық жұмыстарға» – **915**, «Әлеуметтік жұмыс орындарына» – **134**, «Алғашқы жұмыс орнына» – **194**, «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы бойынша – **3** адам

адам, «Бастау бизнес» бойынша кәсіпкерлік негіздеріне 3315 жас оқытты.

ЕРІКТІЛЕРІ БАР  
ЕЛ ОЗАДЫ

«Астана жастары» еріктілері елдің дамуына септігін тигізетін түрлі мәдени-бұқаралық әлеуметтік, экологиялық іс-шаралардың басы-қасында қызмет етіп келеді. Штабта 5 мыңнан аса белсенді волонтер бар. Орталық басшысы Шыңғыс Тілеулиннің сөзінше, жас волонтерді қызметке қабылдамас бұрын ол «Еріктілер мектебінен» өтеді.

– Волонтерлермен бірге 600-ден аса іс-шара өткізілді. Айта кету керек, елордалық волонтерлер дзюдодан Азия чемпионаты, «Kazakhstan Security System» форумы, «Eurasian Book Fair» сияқты халықаралық ауқымдағы іс-шараларға үнемі қатысады. Сондай-ақ Полиция департаменті, ТЖД-мен бірлесіп жылыту маусымы мен көктемгі су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік шаралары, шомылу маусымындағы сақтық шаралары бойынша халыққа ақпараттық-түсіндіру жұмысын тұрақты жүргізеді және із-түзсіз жоғалған адамдарды іздеуге көмектеседі.

Астаналық еріктілер қалалық және республикалық деңгейде ғана емес, халықаралық іс-шаралардан да қалыс қалмайды. Мәселен, форум, концерттерде аудармашы, гид, ұйымдастырушы секілді қызметтерде жүріп қолға беріледі. Ел басына күн туып, тетенше жағдай бола қалса, үнемі бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып бірінші болып жәрдемдеседі. Тіпті Түркия мен Сирия халқын төтеннен теңселткен оқыс жағдайда да қайыршымы жандар елорданың 20 волонтерлік ұйымымен бірлесіп, 100 тоннаға жуық гуманитарлық көмек жинап, жөнелтті.

– Волонтер болу – игі іс. Мұндай ортаға жиналғандар бір-бірімен тәжірибе алмасады, ел көреді, жер көреді. Қазақта «Үйіңді таспен емес, доспен қорша» деген жақсы сөз бар. Ерікті болу – жаңа дос табатын үлкен мүмкіндік. Сол арқылы орта қалыптасады. Ал айналадағы адамдардан алғысын алған кезде ерекше сезімде боламын.

Оны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, – дейді волонтер Дана Тақенова.

УАҚЫТЫН ПАЙДАЛЫ  
ӨТКІЗЕДІ

2015 жылдан бастап тұрғылықты жері бойынша балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануға бағытталған «Аула клубтары» әлеуметтік жобасы тұрақты түрде жүзеге асырылуда. Бұл жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайтуға, балалардың денсаулығын жақсартуға және олардың өмірлік белсенділігін арттыруға, патриотизмнің дамуына ықпал етеді. Осы ретте айта кетерлігі, Астана қаласының Қоғамдық даму басқармасына бекітілген ПД ювеналды полициясының есебінде тұрған көмелетке толмағандар аула клубтарына барады. Қала бойынша 26 аула клубының жұмысына шамамен 3000-нан астам жасөспірім белсенді қатысады. Аула клубтарының үйірмелері мен секцияларына жазылу тең. Барлығы 124 үйірме мен түрлі секция бар. Оның ішінде 68-і спорт секциясы болса, 56-сы – шығармашылық үйірме. Жастар мен жасөспірімдер жазғы уақытта бос уақытын тиімді өткізу үшін «Жасыл ел» жобасы аясында жұмыс істей алады. Биыл 4200 жас жұмыспен қамтылды.

– Заманауи жастар, жаңа технологияларды жетік меңгеруден бөлек, сол технологияларды ойлап табуда жетістікке жетуді көздеуі керек. Байқағаным, 14-35 жас аралығындағы буын үнемі қозғалыста жүргенді жаны сүйеді. Бір салада қызмет етіп қана қоймай, өздерінің қарым-қабілетін шыңдап, кез келген бағытты оңай игеруде. Нарық заманы болған соң, мейлінше көп табыс табуға ұмтылады. Бұрынғы жастар мен қазіргі жастардың басты айырмашылығы ақпараттық технологияның дамуымен көрінді. Яғни олар – білімге құмар, бірнеше тілді меңгеруге құшынды бар, саяхатты ұнататын, ең бастысы, елінің өсіп-өркендеуіне пайдалы тигізсем деген азаматтар, – деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының басшысы Шыңғыс Тілеулин.

## БОЛАШАҚ ЖАЙЫН КІМ ОЙЛАЙДЫ?

«Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!» деген Абайдың әмірі санамызда өшпейтін шығар. Бұл кеше ғана мектеп бітірген жасқа да, біз сияқты жер ортасынан асқандарды да қатаң сұрақтың астына алып, «дүниенің кетігін тауып, бір кірпіш болып қаландың ба?» деп жүрегімізге үңілгендей.

Айгүл  
УАИС

Жас күнің мен қазіргі кездің арасындағы екі ортада қаншама жол, өмір жатыр, ізденіс пен таңдау, қиындық пен кедергі, қателік те бар. Бізді қойшы, «базардан қайтып келе жатқандармыз», ал жастар ше?! Өмір жолы теп-тегіс болып, қоғам қос-қос қанатын жайып, құшағын ашып бауырына баса алады ма? Жақсылы-жаманды талайына түскен заманға тез бейімделіп, өз сурлеуін сала алады ма?

Расында да, жастардың әлеуметтенуі, қоғамға бейімделуі – күрделі процесс. Жастық шағында сол қоғамның бір кірпіші болып қалана қалғып келсе де, жас көзіңе сол қабырға бітеу көрініп, тетігін таппайсың. Қоғамның дәл ортасында сезініп, төріне шығу үшін кірер есігінің кілтін білмейсің. Байқағанымыз, бұл – барша адамзаттың мәселесі. Адам баласының өзі өмір сүрген ортасының, қоғамының өмір сүру заңдылықтарына бейімделіп, мәдени құндылықтары мен өмір сүру салтымен мінез-құлқын қалыптастыра, өзінің жеке тағдырын қалыптастырады. Яғни ұшқан ұясынан бастап айна-

сындағы адамдармен тіл табысып, қатарынан қалмай өмірдің баспалдақтарына ұмтылу – осы бейімделудің алғашқы белгілері. Өзіміз жүріп өткен соң, бәрі оңай көрінеді. Дегенмен де жеңілдірек болған сияқты. Оқу бітіріп, алғашқы өмір мектебі – жоғары оқу орнында әркім өзінің күшін сынайтын, өзгелерді танып, алдағы күнінің шамасын бағдарлайтын. Бұл да бір тәрбиелік орта болатын. Одан кейін міндетті түрде жұмыс істейсің, жан-жағындағылардың мол қамқорлығын жас басымызбен сезінуші едік. Әрі қарай отбасын құрып, үл өсіріп, қыз тәрбиелеп, үй салып, ағаш егіп, Құдайдың берген жасын жасап, жасымызда көрген жақсылықты кейінгілерге қайтаруға даяр едік. Айта-айта жауыр болған құндылықтар, өмір сүру қалыптары, идеалдар қоғамға ұйытып, сол қоғамның тынысын сезініп, шеңберінен де шығармай, біреуден ілгері, біреуден кейін бірқалыпты өмір кешуге мүмкіндік беретін. Қарап отырсаңыз, ақпарат көздері мектеп, институт, қызмет не ауылдағы жұмыс, сол ортаның заңы, ортақ құндылығы адамның адам болып өтуіне жеткізі еді. Қазіргі жастарды ойласам

жүрегім ауырады. Қоғамдық қатынастар өзгерді, бірін бай, бірін жарлы еткен әлеуметтік теңсіздік қоғамды екіге бөлді. Екіге бөлінсе де, өз ортасын таппай тағы бүлінуде. Бұрынғы отбасы институты өзгеріске ұшырады. Жалғызбасты аналар мен жартыкеш отбасыларды айтпағанның өзінде, бұрындары аталар баласымен, немересімен бірге тұрып, әулеттің тәрбиелік тәжірибесін жүзеге асыратын. Қазір жас келін баланы интернетпен тәрбиелейді, ертеден келе жатқан өмір сүру тәжірибесін үзіп алды. Жастар жеке тұруға даяр. Үлкеннің ақылын тыңдағысы жоқ. Баласын қалай тәрбиелеп, қалай өсіреді дегенде теледидардағы мультфильм мен смартфондардың ойынын алға тартамыз. Жастардың қара басын асырауы қиынға түсіп, отау құруға асықпайды. Оқу бітіріп, жұмысқа тұрса, оларды кәсіпке икемдеуге құлықты емес аға буын әріптестері алдынан шығады. Жастардың өзінің көкірегі аспанда, ешкімнің айтқанымен жүріп-тұрғысы келмейді. Жұмыс беруші де жастардың еңбегін қанауды ғана біледі. Жастығын пайдаланып аз ақша көп жұмыс істеткісі бар. Мұның бәрі ізсіз кетпейді. Жастар қатар біртүрлі, өзіміз, жақсыға ұмтылмайды, үлкенге ізеті жоқ деп жатамыз. Өрине, солай болады. Абайша айтқандай, дүние есігін ашқанда өзіміз болып келетін адам баласын кемелдікке жеткізетін қоғамы болмақ. Олардың

жүрегіне сүйіспеншілік орнатып, жүрек көзін ашатын – қоғам. Таза кітаптай әріп түспеген жас үшін қоғам ұжымдық сананы қалыптастырып, мына дүниенің бір кірпіші екенін сезіндіруі керек. Оны түсіндіретін – үйдегі ата-ана, мектептегі мұғалім, оқу орнындағы ұстазы, қызмет жұмысындағы аға ұрпақ өкілдері. Алайда осылардың бәрі бұл күнде өзінен артылмайды. Біреуге біреудің басы ауырымас. Қоғам жеке тұлғалардан тұратынын естен шығарғандаймыз. Сол қоғам дегенде мемлекетіміздің жастар саясатының жүзеге асырылуына қарайлаймыз. Қазақстандық жастар арасындағы қазіргі проблемалар көптеген фактормен байланысты, ал олардың ең бастысы мемлекеттік жастар саясатының қаншалықты тиімді, өз дәрежесінде ме деген сұрақ тұрады. Жұмыссыз жастардың көптігінің себебі ұсынған қызметтің мардымсыз жалақысына қатысты. Қазіргі жастарды аз пұлмен алдай алмайсыз. Баспанасыздар көп қиындықты бастан кешуде. Көптеген жас жапырып жұмыс істеп, мал табудың орнына, әлеуметтік қарайлаймыз. Қазақстандық жастар, мешіттерді айналшықтап жүр. Енді бір бөлігі құмар ойындарды айналдырып, енді бірі есірткіге елігіп жүр. Бұл да бізді ойландыруы тиіс.

Осыдан ошақты жыл бұрын елордамызда жастар орталығы көптеп ашылып, жұмысын насихаттаған едік. Азды-көпті болсын сол аудан жастарының танысып-білісіп, бірге сұхбаттасуына

сеп болатын. Ол да келмеске кеткен сияқты. Жалынды жастарымыз жоқ емес, олардың күшін біріктіретін идея жоқ. Еріктілердің қыстың суығында қарттардың ауласының қарын күреп, жылы аялдамадағыларға ыстық шай таратқаны аздық етеді. Арасында акция жасап, қоқыс жинаумен де айналысады. Ат төбеліндей аз ғана астаналық жастардың бұл тірлігі көпке үлгі емес. Бұл дегеніміз – елдегі жастар ісі бойынша, жастардың сұранысына қарай жұмыс істейтін заманауи ұйымдардың жоғы, бар болса да, бағытын тиімді ұйымдастырмағанының көрінісі. Яғни нақты мақсат пен міндетін анықтамаған, жүзеге асыру тетіктері қарастырылмаған, басқа да әлеуметтік салалармен сабақтасып, қарым-қатынасын үйлестірмеген. Мемлекетті қарекетсіз отыр деуге келмес. Жастарға арналған бір «Болашақтың» өзі не тұрады?! Жастарға баспана алуға арналған бағдарламалар да бар. Жас отбасыларды, көпбалалы аналарды қолдау тағы бар. Бірақ бұл аз. Жастардың әсіресе осал топтарын, әлеуметтік жағынан аз қамтылғандарын бері тартып, қамқорлай алмай отыр. Бер жағын айтқанда, ауылдан қалаға келгендер қоғамға қалай бейімделіп, қандай қамқорлық көріп отыр? Орыс тілділер мен қазақ тілді қазақ жастарының мониторингін жасап, зерттеп, олардың құндылықтарын бір арнаға топтастыруда кім тер төгіп жүр? Ешкім. Бұл күні ертең қоғамның екі бөлініп, ыдырауына

алып келеді. Олардың рухани, имани дәрежесін шалбарының балағына қарап бағамдайтын халге жеттік. Бұл да қоғамның қателігі.

Қазіргі қоғам дамуының беталысына қарап жаңа ұрпақты тәрбиелеу мәселесі солардың ішінде ең маңыздысының бірі екеніне көзіміз жетіп отыр. Бүгінгі таңда бұл еліміздің болашағын айқындайтын ең өткір және маңызды мәселе екенін тағы қайталап айтқымыз келеді. Рухани-адамгершілік тәрбие мәселесінің өзектілігі қазіргі замандағы жағдайда шиеленісіп тұрғанын жасыруға болмайды. Оң-солын танымайтын жалындалп тұрған жастар өткір пышақтың жүзіңдей. Оны да абайлап ұстау керек.

Рас, қазіргі жастардың талайына күрделі заман тап келді. Аударылып-төңкерілген дүние. Кешегі бүгінге, бүгінгі ертеңге еп емес. Өмір сүру жағдайы тез өзгереді, мінез-құлқтың дәстүрлі үлгілері көп жағдайда қабылданбайды және тиімсіз. Керісінше, кесірілік, бетпақтық, арсыздық алға шықты. Сонымен қатар, жастарға не айтарымызды білмейміз. «Міне, мынау тиімді» деп өмірлік ұстанымдарды өткізе алмаймыз. Дегенмен жастарды ақпараттық жаһандандудың жағымсыз әсерінен тартып, өз ділі мен дініне байлайтын тәрбие амалын таппаса болмас.

Олардың мәдени өсуін, тұлғалық дамуын ынталандыру және сөтімен әлеуметтенуге ықпал ету үшін тиімді құралдарды бүгін ойлап табу қажет. Ертең кеш болуы әбден мүмкін...



## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК – ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕ

Елордада қатынайтын қоғамдық көлік саны жолаушылар нөпіріне толық жауап бере алмайды. Мұны іші лық толған автобустың мініп-түсіп, ағылыс, қарбалас жүретін адамдардың әрекетінен аңғаруға болады. Көп жолаушының арасында жолақысын төлемей жүретіні қаншама. Бұл да жасырын жайт емес.

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

### АВТОБУСТАР САНЫ АРТТЫ

Бүгінде қалада күн сайын рейске 907-950 автобус шығады. Қала халқының жылдам өсіп келе жатқанын ескерсек, қазір тәулігіне 1500 автобус шығуы керек. Бұл – қала әкімі Жеңіс Қасымбектің тұрғындармен кездесуде айтқан сөзі.

Жақында Астана қаласы мәслихатының депутаттары қоғамдық көліктің бағыттары мен аялдамаларын тексеріп, саланың негізгі мәселесін талқылады.

Мегаполистердің тұрғындары үшін уақыт та, қаржы да маңызды саналады десек, біріншіден, қоғамдық көлікпен тез жетеді; екіншіден, жолақысын қолжетімді. Бүгінде Bus Lane жолымен, автобустардан бөлек, жедел жәрдем және өрт сөндіру қызметінің автокөліктері шақырту орнына жылдам жетеді. Таксопарктердің автокөлігі де қатынай алады. Бұл санаттағы жолға 27 учаскеде 93 шақырым автобус желісі бөлінді, тағы 20 шақырымы енгізіледі. Bus Lane жолының тиімділігін жан-жақты саралап, кейбір учаскеде қосу керек болса, кейбірінен қайта алғаны дұрыс. Автобус жүргізушілері жүру кестесін жиі-жиі бұзады. Қоғамдық көліктің тапшылығы да өзекті. Соның салдарынан жолаушылар аялдамада ондаған минутын жоғалтады. iKomek орталығына шағымданушының көпшілігі осыны айтады. Депутаттардың талқылауынан осындай мәселелерді білдік.

Қалалық әкімдік автобус қажеттілігін шешуде субсидиялауды үш жылдық жоспарын қарастырып, елде өндірілетін қоғамдық көліктерді лизинг арқылы ала бастады. Мәселен, биыл 125-і сатып алынса, жыл соңына дейін автобус парктері тағы 275-імен толығыды.

– Мегаполисте қоғамдық көлік жүйесі 6 автобус паркінен тұрады. Қоғамдық көліктер 99 бағдар бойынша жүреді. Оның 71-і – қалалық, 28-і – қала маңындағы қатынастар. Жалпы 1223 автобус бар, оның 800-і күнделікті таңғы сағат 6:00-ден түнгі 23:00-ге дейін 1400 аялдама арасында қатынайды. Соңғы 3 жылда 240 жаңа автобус келді. Биыл қала басшылығы парктерді автобустармен толықтыруға басымдық берді. Енді қоғамдық көлікті күнделікті қолданатындардың санына келетін болсақ,

600 адамнан асады, – деді «City Transportation Systems» ЖШС өкілі Оксана Әубәкірова.

Астана қаласында 1 миллион 300 мың халық тұрса, оның 420 мыңында жеке автокөлік бар. Елордалықтардың 48 пайызы қоғамдық көлікті пайдаланады десек, онда тәулігіне 600-700 мың жолаушыға тең болады. Осынша адам ағымына сапалы қызмет көрсету маңызды. Халық қалаулысы Владислав Сергеев тағы бір мәселенің ұшын шығарып, автобус жүргізушілеріне қолайлы жағдай жасауды ұсынды.

– Күн ұзақ көлікті басқару оңай шаруа емес. Адам қауіпсіздігі мәселесі тұрғанда жүргізушіге қолайлы жағдай жасау маңызды. Яғни дәретханасы, асханасы, душ кабинасы қамтылған пункттерді қарастыру керек. Бұл қызмет көрсету сапасына әсер етіп, бизнестің дамуына оң жағдай жасайды, – деді қалалық мәслихат депутаты.

### ШЫҒЫН КӨЛЕМІ ҚОМАҚТЫ

Расында, қоғамдық көлік қозғалысына келетін шығын жыл өткен сайын өсіп келеді. 2022 жылы жолақысын төлемей жүрген жолаушы саны 125 мың болса, биылғы жеті айда 90 мың жолаушыны құрады. Мұны ақшаға айналдыратын болсақ, 2022 жылы елордада билетсіз жол жүру құны 3 миллиард теңгеге жуықтайды. Бұл қаржыға қаншама автобус сатып алуға болатын еді...

Көлік бақылау департаментінің қызметкерлері жолақысын төлемегендерді тәртіпке тарту үшін Полиция департаментінің қызметкерін шақырады. Өйткені Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 685-бабының 1-бөлігіне сәйкес, істі ішкі істер органдары қарайды. Бұл кодекстің 622-бабы 2-бөлігіне сәйкес, жолаушыға жолақысын төлемегені үшін екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

– Департамент пен автобус парктерінен 200-ден аса қызметкер шығып, қоғамдық көліктерде бақылау жұмысын жүргізеді. Мамыр, маусым, шілде айында қоғамдық көлікте жолақысын төлемей жүрген 66 мың жолаушы анықталды. Олардың 3,5 мыңы әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 24,5

миллион теңге мөлшерінде айыппұл салынды.

Біздің қызметкердің мақсаты айыппұл салып, ақша өндіру емес. Жолаушыларға түсіндіру жұмысын жүргізіп, мұның залалы мен зиянын ұғындыру. Ереже бойынша жолаушылар автобустың кірген бойда жолақысын төлеуге міндетті. Алайда көлік бақылау департаментінің қызметкері келмей, төлем жасамайтын адамдар жиі кездеседі, – деді Оксана Әубәкірова.

Қоғамдық көлік қатынасындағы ерікті төлем жүйесі «қояндар» үшін жақсы болды. Кей адамдардың картасында, шынымен, ақша бітсе, кейбірі қақпақсыз қалған қазаннан қарпып қалғысы келеді.

### «ҚОЯНДАР» КӨП ПЕ?

Көлік бақылау департаменті директорының орынбасары Райымбек Қабиллодан жолақы төлемей жүретіндердің әрекеті, орташа жасы туралы сұрадық.

– Жолақысын төлемей жүретіндер контролер автобустың кірген уақытта қозғала бастайды. Көп жағдайда билетсіз жүргенін мойындамай, ұрыс-керіс шығаруға дайын тұрады. Билетсіз жүретіндердің орташа жасы 17-25 жасты құрайды, – деді ол.

Өзіміз де қоғамдық көлікпен жиі қатынаймыз. Жолақысын төлемеген адамдар бақылаушыға дерекі сөйлеп жататынын көргенбіз. Олардың айтар сылтауы көп. «Автобустың жаңа ғана міндік», «ұйықтап қалдық», «төлейміз ғой!» және тағы басқа уәжін ұсынады. «Қоян» жолаушылар көбінесе таңғы сағат 07:00-09:00 немесе кешкі сағат 17:00-19:00 арасында жиі кездеседі екен.

Райымбек Қабиллоның сөзінше, жолақысын төлемей жүретіндердің арасында бөгде біреудің атаулы картасын пайдаланып келгені анықталды. Бұл карталарды бақылау қызметі тәркілеп, кейін иесіне қайтарды.

Бас қалада, халық санының артуымен қатар, қоғамдық көліктерге сұраныс өсті. Қыс айларында жылы аялдама, жылы автобус керек. Бәрінен бұрын автобустардың уақыт жиілігі маңызды. Жолаушылар қыста да, жазда да 10-15 минуттан аялдамада тұрғысы келмейді.

**P.S:** Озық елдер қоғамдық көлік қатынасын реттеп, тұрғындарға сапалы жағдай қалыптастыруға мән береді. Халықтың сапалы өмір сүру салтының бір өлшемі – көлік қатынасы. Бұл тұрғыда Астана елдегі өзге өңірлерге үлгі болуы керек. Өйткені қоғамдық көлік – қоғамдық мәселе.

## СӘУЛЕ ДЕСЕ СӘУЛЕ

Кезінде ел арасында сыйлы болған педагог, Жаңаарқа ауданына қарасты 189-разъездегі №164 мектептің директоры болып 40 жыл еңбек еткен Есембек Тапанов пен соғыс жылдары еңбекке ерте араласып, ауылдық кеңестің басшысы, партия ұйымының хатшысы қызметтерін атқарған Кенеш Байдулатованың береке-лі отбасындағы бір ұл, төрт қыздың бірі болып 1953 жылдың 8 тамызында дүниеге келген Сәуле Есембекқызы Тапанованың өміріндегі тектіліктің, көргенділік пен ақсүйекке тән тәрбиеліліктің түп тамыры қайдан деп болжау жасаудың да қажеті жоқ.

**К**ейіннен ата-анасының екеуі де Жаңаарқа ауданының «Құрметті азаматы» атағының иегерлері атануы да Тапановтар отбасының ел өміріне айтарлықтай ықпал етіп, халыққа сыйлы жандар болғанының айғағы.

Өзі өмірге келген Жаңаарқа кентіндегі С.Сейфуллин атындағы №161 қазақ орта мектебін 1970 жылы бітірген Сәуле Есембекқызы 1974 жылы Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдаған соң, еңбек жолын Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетінде бастаған. Алғашқы жұмысы журналистика саласында болған ол ұзақ жылдар өткен соң осы салаға қайта оралып келуінің өзі қасиетті қаламның құдіреті болуы да мүмкін ғой деген ой келеді. Өйткені 1975-1989 жылдары Жезқазған педагогика институтының педагогика және психология кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, кейіннен пединститут Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті болып аты өзгергеннен кейін де, 1989-2010 жылдары осы оқу орнында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, доценті, профессоры, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған С.Тапанова 2010 жылы жас Астанаға қоныс аударып қана қоймай, осындағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика және саясаттану факультеті баспасөз және баспа ісі кафедрасына жұмысқа ауысып, журналистика саласына жас мамандар даярлау ісіне түбегейлі бет қойды.

Болашақ педагогтар мен журналистерге білім беріп, шыңдау барысындағы ұзақ жылғы еңбегі ескерсіз қалған жоқ. Әдебиет зерттеуші, филология ғылымдарының докторы (2007), профессор (2011), ҚР білім беру ісінің үздігі (2000), Қазанстан педагогикалық ғылымдар академиясының корреспондент-мүшесі (2008), ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері (2010) атаңды. «Ғылым және білім беру ісіне еңбек сіңірген қызметкер» құрметті атағына (2015) ие болды.

Осыншама әнбектің арқасында көптеген шет елге шығып, талай ғылыми конференцияларға қатысып, баяндама жасап, Ұлыбритания, Голландия, Франция, Жапония елдерінде ірі-ірі білім жетілдіру курсынан өтті. Негізгі зерттейтін ғылыми бағыттары қазақ әдебиеті және журналистика, журналистика пәндерін оқыту әдістемесі мәселелері, журналистика және шешендік өнер, бұқаралық ақпарат құралдарының тілі мен стилі, әдеби



редакциялау әдістемесі, тіл мәдениеті және тілдік норма болғандықтан, осы салаларда көптеген ғылыми еңбек жазып, жариялады. «Қазақ романдарындағы ғашықтық сарын» (2007), «Қазақ баслымдарындағы әйелдер бейнесі» (2013), «Қазақ романдарындағы әйелдер бейнесі» (2017) атты монографиялары жарық көрді.

Ғалым жайлы жаза отырып, оның өмірінің өзегі болған негізгі шаруасы – ғылыми еңбектері жайлы айтпай кетуге болмайды. С.Е.Тапанованың «Қазақ әдебиетіндегі ақтандақтар» (1997), «Әйелдер образын жасаудағы алғашқы тәжірибелер» (1998), «Реалистік образ жасаудағы ізденістер» (1999), «Қазақ тарихи романдарындағы махаббат желісі» (2007), «Психологиялық романдардағы махаббат тақырыбы» (2007), «Қазіргі қазақ әдебиеті (кредиттік оқу жүйесіне негізделген дәрістер)» (2009) сияқты оқу құралдары, «Мектеп оқушыларына шешендік өнер сабағын оқыту» (1996), «Жоғары сынып оқушыларына ақын-жазушылардың өмірбаянын оқыту» (1997), «Мектептерде қазақ әдебиетін жүргізудің тиімді жолдары» (1998), «Шәкәрім шығармаларын оқыту» (2000), «С.Торайғыров шығармаларын оқыту» (2001), «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» (2003), «Әдебиет пәнінен жүргізілетін жазба жұмыстары», «Журналистика және шешендік өнер» (2013), «Қазақ әдебиеті», «БАҚ тілі мен стилі» (2016) атты оқу-әдістемелік құралдары бүгінде көптеген жоғары оқу орнында міндетті және қосымша пәндер ретінде қарастырылып қана қоймай, осы тақырыптарды қаузап жүрген жас мамандардың таптырмас көмекшісі де болуда.

Қазақ ғылымын алға бастыру ісіне мол үлес қосып жүрген Сәуле Тапанова үлгілі отбасының абзал анасы да. Шаңырақ құрғандарына жарты ғасыр боп қалған отағасы Рамазан аға екеуі бір ұл, екі қыз тәрбиелеп өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып отырған бақытты ата-ана. Балаларының бәрі анасының жолын қуып, алғашқы еңбек жолын жоғары оқу орнында (түңғыш қызы Сағыныш пен ұлы Руслан Ө.Байқоңы-

ров атындағы Жезқазған университетінде, кенже қызы Салтанат Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде) оқытушы болып бастаған. Бүгінде Сағыныш – Хореография және балет академиясында, Руслан – Жоғарғы сот академиясында (құқықтану ғылымдарының кандидаты, доцент), Салтанат жеке бизнес саласында еңбек етеді. Осы ұл-қыздарынан сегіз немере, бір шөбере сүйіп отырған ата мен әжені алдан күтіп тұрған қызықты күндер әлі де көп екені сөзсіз.

Жетпістің жалына жармасып, желкесіне мініп желе жортып келе жатқан Сәуле Есембекқызы үлкен отбасының ұйытқысы, ана, әже бола отырып, әлі күнге қызметтен қол үзбейтін күш-қуатты осы бауырынан өрбіген балаларының жақсы азамат болып өсіп, көңілінен шығуларынан аламын деп ағынан жарылады. Үлкен кісінің жастықтың қуатын жоғалтпай, қарттыққа берілмеуінің тағы бір себебі – ол салауатты өмір салтын қатаң ұстануы.

Қатарлас дос-құрбыларымен бірге тұрақты түрде фитнеске барып, спортпен шұғылданады. Жазғы еңбек демалысын да барынша белсенді түрде өткізуге күш салады. Қазақ арасында әлі де кең тарай қоймаған шет елдерге сапарлау, круизге шығу сияқты таңсық дүниелерден де тартынбай, отбасымен бірге саяхатқа шығуды жөн санайды. Қысы-жазы биік өкшелі аяқ киім, классикалық костюм киіп, сымдай тартылып, тіп-тік боп жүретін әріптес апайларына еліктейтін жас оқытушылар да осындай салауатты өмір салтын ұстануға тырысады. Негізгі хоббиі – түрлі әшекей бұйымдар мен хош иісті шетел иіс майларын жинаумен қызыға айналысатын Сәуле апайдың жүріп өткен жолына шашылатын жұпар шлейфін соңынан ерген жастарға қалдырған бекзаттық пен асыл тектіліктің ізі десек артық айтқандық болмас.

Мақпал ЕШТАНАЕВА,  
Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық  
университеті  
журналистика және  
саясаттану факультетінің аға оқытушысы

«Ломбард Нұр Алтыны Астана» ЖШС сатып алынбаған мүлікке (зергерлік бұйымдарға) аукцион жариялайды. Аукцион ағылшын әдісі бойынша 2023 жылдың 24, 25 тамызында сағат 10:00-де өтеді, мекенжайы: Ш.Айтматов көш., 36 н.п., 84, тел.: 8-7172-33-32-73.

№95 (4528) 12/08/2023 Сенбі

## ЖАСТАРҒА ЖОЛ СІЛТЕГЕН

Елордадағы Сәкен Сейфуллин мұражайында Абай күніне және Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына орай «Абай мен Шәкәрім» көрмесі ашылды. Сондай-ақ Халықаралық жастар күніне арналған «Болашаққа үміт, жастарға сенім» атауымен кездесу өтті.



Көрменің ашылуында Абай мен Шәкәрімнің туыстық қатынасы мен байланысы туралы әңгімеленді. Абайдың ағасы Құдайбердіден туған Шәкәрім жеті жасында жетім қалып, атасы Құнанбайдың тәрбиесінде болған. Шәкәрім жетімдік тауқыметін тарта қоймаған. Атасы оның көңіліне қалу түсірмей, бетінен қақпай еркелетіп өсірді. Ол жөнінде ақын өзінің «Мұтылғанның өмірі» атты еңбегінде жазып кеткен. Шәкәрімнің өлеңге деген зеректігін байқаған Абай өз қамқорлығына алды.

Шәкәрімнің өзі кейінірек былай деп жазды: «Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды, сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік һәм Алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді, ержеткен соң сол кісіден тағылым алып, әртүрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім».

Кездесу қонақтары болған «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені маманы Қайыржан Күзембаев пен маман-әдіскер Қайрат Шағиев жүздесуді Абайдың «Мен ескінің соңы едім, Ол болашақтың басы еді» және «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!» деп тұздықтап, хакім жастарға жол сілтегенін айтты.

## АБАЙ ШАЙ ШКЕН САМАУРЫН

10 тамыз күні Абай Құнанбайұлының туғанына 178 жыл толды. Осыған орай, Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Абай атындағы Халықаралық мәдениет және өнерді қолдау қоры атынан көненің көзіндей болған құнды жәдігерді ҚР Ұлттық музейі қорына салтанатты табыстау рәсімі өтті.



Ендігі таңда Ұлттық музейдің төрінде жарқырап тұратын жәдігер – 1893 жылы жасалған кіші Тула самаурыны. Қаншама уақыттан бері көздің қарашығындай сақталған асыл қазына енді халықтың көзайымына айналмақшы. Абай дәуірінен сыр шертегін бұл жәдігерді Ермек Айтқалиұлы ҚР Ұлттық музейі қорына табыстады. Бұл – Ұлттық музейде сақталған, ұлы Абайдың өзі тұттыңан 43-жәдігер. Олардың арасында ақынның пайдаланған құтысы және тағы басқа құнды дүниелер бар.

Ақын Абайдың мұражайы алғашында Семей қаласы Ертіс өзенінің жағасындағы Бекбай Баисов пен Әнияр Молдабаевтың үйлерінде орналасқан. Бұл үйге Абай қырдан Семейге келгенде түсетін болған. Бір кездері Ертістің сол жағалауынан, қаланың Жаңасемей бөлігінен келгендердің барлығы таңертеңгі паромды күтіп, Бекбай Баисовтың қонақ үйіне жиналатын. Әңгіменің тиегі ағытылатын. Алаш қайраткерлері де осы үйде жиі бас қосатын. Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатұлы отбасымен бір жылдары осы үйде тұрғаны белгілі. Бүгінгі іс-шараға дәнекер болған самаурыннан Абай, Әлихан, Шәкәрім бастаған Алаштың көптеген ардақтысы шай ішкені аян. Кейін Абай мұражайы басқа орынға көшіріледі де, Бекбай Баисовтың үйі қаңырап бос қалады. Сәулетті үйдің ауласынан әралуан самаурын табылған. Тарихшы, рухани-мәдени құндылықтарды жинақтаушы Айтқали Бейсембайұлы Қыстаубаев досының көмегімен бірі үлкен, бірі кіші екі Тула самаурынын аман алып қалды. Содан бері самаурындар Қыстаубаевтың отбасында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып жеткен.

– Әкем ескі жәдігерді көп жинаған. Самаурынның бірінші реставрациясын 1980 жылдары Семей қаласында қарапайым ұста жасаған. Ал екінші реставрацияны атақты ресейлік ұста Кубрин деген кісі жасады. Кубриннің әкесі Тула самаурын зауытында істеген маман болыпты. Сол кісіден үйренгені бойынша жасап шықты. Самаурынның түбі мен ортасы жақсы сақталған, – деді Абай атындағы Халықаралық мәдениет және өнерді қолдау қорының құрылтайшысы, кәсіпкер Ермек Айтқалиұлы.

## КӨРМЕДЕ – БАС ҚАЛА КЕЛБЕТІ



Ұлттық музейде елорданың 25 жылдығына арналған «Елімнің жүрегі – Астана» атты көрме ашылды. Аталмыш көрмені «АСТ» Астана әлеуметтік технологиялар орталығы ұйымдастырды.

Бұл орталықтың мақсаты – әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды және әлеуметтік әріптестікті іске асыруға халықты тарту. Сол арқылы ерекше қажеттілігі бар балаларды әлеуметтік оңалтуға және қоғамға араласуға жәрдемдесу. Соның ішінде балалар қабілетін ашып, болашаққа деген сенімді жүрегіне ұялатау. Осы көрме де сол мақсатта ұйымдастырылды.

Көрменің ашылуында «АСТ» Астана әлеуметтік технологиялар орталығының жетекшісі Динара Құрманқызы, арт-терапевт Еркінбек Есімов сөз сөйледі. Ұйымдастырушылардың айтуынша, осы орталық 180 бенефициарға қызмет көрсетеді. Олардың көбісінде шығармашылық талант байқалады. Ал көрмеге қойылған суреттерде елорданың символына



айналған «Бәйтерек» монументі, Әскери-тарихи музей сияқты бас қаланың көрнекті ғимараттары мен көз тартар тұрғын үй кешендері, қаланың әсем көріністері бейнеленген.



## БЕЙНЕРОЛИКТЕР БАЙҚАУЫ

Астана қаласы әкімдігінің Дін істері жөніндегі басқармасы елорданың 25 жылдығына арналған әлеуметтік бейнероликтер байқауын жариялады.

Қатысушылар өз жұмысын дінде байланысты түрлі тақырыпқа: ұлттық құндылықтарды насихаттау, экстремизм мен терроризм идеологиясының алдын алу, конфессияаралық келісімді ілгерілету, зайырлы мемлекеттің негіздері және т. б. жібере алады.

Байқаудың жалпы жүлде қоры – 1750000 теңге. 1-орын – 1000000 теңгеге сертификат, 2-орын – 500000 теңгеге сертификат, 3-орын – 250000 теңгеге сертификат.

Байқауға қатысу үшін бейнероликтер қабылдау 2023 жылдың 14 тамызы мен 14 қыркүйегі аралығында өтеді. Бейнероликтер мемлекеттік немесе орыс тілдерінде орындалуы тиіс.

Байқауға 16 жастан асқан Астана қаласының тұрғындары қатыса алады. Толығырақ ақпаратты [www.elorda-din.kz](http://www.elorda-din.kz) сайтынан таба аласыздар.



Бейнероликтерге қойылатын техникалық талаптар:

- \* Бейнеролик форматы MPEG4 әлде AVI болуы шарт;
- \* Видеодағы минималды стандарт талабы: 720x480 (12:8 см);
- \* Бейнеролик ұзақтығы кем дегенде 30 секунд;
- \* Бейнероликті монтаждау және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану – қатысушының қалауы бойынша;
- \* Бейнеролик жанрын анықтайды (бейнеклип, мультфильм және т. б.), видеода фотосуреттерді пайдалануға болады.

Байқауға қатысу туралы өтінімдер мекенжайда көрсетілген сілтеме бойынша қабылданады: [www.elorda-din.kz](http://www.elorda-din.kz)  
Толық ақпаратты мына нөмір арқылы алуға болады: +7-705-143-62-44.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**